

"Тіркелген салық мөлшерлемелері туралы" Бородулиха аудандық мәслихатының 2018 жылғы 30 наурыздағы № 20-6-VI шешімнің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2020 жылғы 31 наурыздағы № 47-10-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 сәуірде № 6874 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Заңының 2-бабының 2) тармақшасына сәйкес, Бородулиха аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Тіркелген салық мөлшерлемелері туралы" Бородулиха аудандық мәслихатының 2018 жылғы 30 наурыздағы № 20-6-VI (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5614 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 23 сәуірде жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

А. Кудушев

У. Майжанов